

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасындағы Ислам Үнтымақтастығы Ұйымы Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының алдын ала институционалдық құрылымы бойынша зерттеуді дайындау бойынша техникалық көмек гранты туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 66 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасындағы Ислам Үнтымақтастығы Ұйымы Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының алдын ала институционалдық құрылымы бойынша зерттеуді дайындау бойынша техникалық көмек гранты туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Бақыт Данабекұлы Батыршаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасындағы Ислам Үнтымақтастығы Ұйымы Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының алдын ала институционалдық құрылымы бойынша зерттеуді дайындау бойынша техникалық көмек гранты туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2016

жылғы

10

ақпандасы

№

66

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасындағы Ислам Үнтымақтастығы Ұйымы Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының алдын ала институционалдық құрылымы бойынша зерттеуді дайындау жөніндегі техникалық көмек гранты туралы келісім

Мазмұны

1-бап	Анықтамалар	3
2-бап	Грант сомасы	3
3-бап	Грант сомасының қарожатын алу және пайдалану	3

4-бап	Гранттың күшін жою немесе тоқтата тұру	4
5-бап	Растамалар және кепілдіктер	5
6-бап	Зерттеуді орындау	5
7-бап	Үкіметтің міндеттемелері	6
8-бап	Есептер мен ұсынымдар	7
9-бап	Күшіне енуі	7
10-бап	Үйлестіру және хабарламалар	7
11-бап	Әртүрлі	8
Колтаңбалар		9
1-қосымша	Анықтамалар	10
2-қосымша	Зерттеудің сипаттамасы	12
3-қосымша	Грант сомасын алу	14

Келісім 2016 ж. ____/____ сәйкес келетін хижра бойынша 1437 ж. ____/____
м ы н а л а р д ы н :

Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі «Үкімет» деп аталады); мен
қатысуышы елдер қол қойып, ратификациялаған Келісімнің баптарына сәйкес
құрылған, штаб-пәтері Сауд Арабиясы Корольдігінің Джидда қаласында орналасқан
халықаралық қаржы институты – Ислам Даму Банкі (бұдан әрі «Банк» деп аталады)
а р а с ы н д а ж а с а л д ы .

Үкімет пен Банк бұдан әрі жеке алғанда «Тарап» және бірлесіп «Тараптар» деп
аталады

М ы н а л а р д ы

А. Осы Келісімге 2-қосымшада сипатталған Ислам Інтымақтастыры Ұйымы (ИІУ)
) Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының алдын ала институционалдық
құрылымы бойынша зерттеу (бұдан әрі «Зерттеу» деп аталады) жүргізу үшін Үкімет
Банкке грант беруді сұратқанын.

В. Банк хижра бойынша 02/06/1435 (02/04/2014 ж.), атап айтқанда, жоғарыда
аталғаның негізінде төменде айқындалған мерзімдерде және шарттарда грант бөлуді
мақұлдағанын және келіскеңін ескере отырып.

осы арқылы Тараптар төмендегі туралы келісті:

1 - б а п . А н ы қ т а м а л а р

Бас әріптен басталатын терминдердің оларға 1-қосымшада берілген мағыналары бар

2 - б а п . Г р а н т с о м а с ы

Банк Үкіметке шамамен алғанда US\$ 300,000 (үш жүз мың АҚШ долларына)
барабар ID200,000 (екі жүз мың ислам динарынан) аспайтын сомада грант (бұдан әрі «
Грант сомасы» деп аталады) береді.

3-бап. Грант сомасының қаражатын алу және пайдалану

1. Шоттан алу: Грант сомасы Банктің Төлем рәсімдеріне және 3-қосымшага сәйкес
а л ы н а т ы н б о л а д ы .

2. Грант сомасының қаражаты осы баптың 4-тармағына сәйкес 2-қосымшада көрсетілген жұмыстарды орындауға жұмсалатын шығыстарды жабу үшін ғана пайдаланылатын болады.

3. Сатып алу рәсімі: Зерттеу үшін сатып алу рәсімі төменде сипатталған тәртіппен және Сатып алу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылатын болады:

Зерттеуді «сапа негізінде іріктел алу» (QBS) бағалау әдісін пайдалана отырып, Банкке мүше елдердің консалтингтік компанияларының қысқа тізімі негізінде жалданатын танымал халықаралық консалтингтік компания орындағытын болады.

4. Грант сомасын пайдалану: Грант сомасы Банк қаржыландыратын Зерттеу мақсаттары үшін ғана пайдаланылуға тиіс. Іс жүзінде Үкімет санкциялауға жататын қызмет орын алған жағдайда мұндай практиканы шешуге арналған, Банкті қанағаттандыратын уақтылы және тиісті іс-шараларды Үкімет қабылдамастан Грант сомасын алу үшін Үкімет немесе басқа үкіметтер өкілдерінің тарапынан орын алып отырған осындай қызметке қатысты Банк айқындаған кез келген шығыстарды қаржыландыруға пайдаланылмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5. Бірінші төлемге өтінім беру күні: егер осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 6 (алты) ай ішінде немесе Үкімет пен Банктің келісуі бойынша одан кейінрек мерзімде Үкімет Атқарушы агенттік арқылы Банкке Бірінші төлемді жүргізуге өтінім бермесе, Банк Үкіметті хабардар еткеннен кейін, Грант сомасын беруден бас тарта және осы

Келісімнің күшін жо я алады.

6. Жабу күні – 2017 жылғы 31 желтоқсан.

4-бап. Гранттың күшін жою және оны тоқтата тұру

1. Банктің тоқтата тұруы: келесі жағдайлардың бірінде Банк Үкіметті хабардар ете отырып, Грант сомасын немесе оның кез келген бөлігін тоқтата алады:

(а) Үкімет осы Келісімнің кез келген ережесін немесе шартын бұзса немесе осы Келісімнің аясында қандай да бір міндеттемені орында маса;

(б) мұнадай:

(i) нәтижесінде Үкіметтің Зерттеуді орындауы мүмкін болмайтын немесе

(ii) Келісімнің жасалған мақсаттарға қол жеткізуға кедергі жасайтын оқыс жағдай тұында са;

(с) Қазақстанның Банктегі мүшелігі тоқтатыла тұrsa немесе тоқтатылса;

(d) Келісімге сәйкес кез келген мәнді қатынаста Үкімет орындаған растамалар немесе осы орайда орындалған және Банк Грант сомасын беруі үшін негіз болуға арналған кез келген мәлімдеме қате жасалған болса;

(e) Егер Банк кез келген уақытта келіссөздерге, Зерттеуді орындауға немесе іске асыруға қатысты, соның ішінде сатып алуға немесе қаржыландырудан түскен түсім есебінен толық немесе ішінара мөлшерде қаржыландыру үшін келісімшартты орындауға қатысты кез келген жеке немесе занды тұлғаның санкциялауға жататын қызметпен айналысатынын анықтаса және Үкіметтің туындаған осындай ахуалды

түзету мен осындай практиканы шешу үшін уақыт бөлмегенін және Банкке қолайлышты істі іс-қимыл жасамағанын анықтаса.

Үкіметтің шоттан қаражат алу құқығы мән-жайларға қарай осындай тоқтата тұруға әкеп соққан оқиға немесе оқиғалар тоқтағанға дейін немесе Банк Үкіметтің шоттан алуды жүзеге асыру құқығы қалпына келгенде туралы хабардар еткенше тұтас немесе ішінара тоқтатылады. Алайда, осындай хабардар ету немесе қалпына келтіру жағдайында шоттан алу құқығы тек сол деңгейде және осындай хабарламада көрсетілген шарттарға сәйкес қалпына келтірілетін болады. Әрі осындай хабарлама осы тармақта көрсетілген қандай да басқа немесе бұдан кейінгі оқиғаға қатысты әсер етпейді және Банктің қандай да бір құқығына, өкілеттігіне немесе қорғану құралдарына нұксан келтірмейді.

2. Банктің қүшін жоюы: Банк егер:

(а) Грант сомасының кез келген бөлігіне қатысты Үкіметтің шоттан алу құқығы үздіксіз 30 күн бойы тоқтатыла тұрса; немесе

(б) Банк Үкіметпен консультация жүргізгеннен кейін кез келген уақытта Грант сомасының кез келген бөлігі Зерттеу құнын қаржыландыру үшін талап етілмейтінін анықтаса;

(с) Грант сомасының бір бөлігі Жабу құнінен кейін алынбай қалса, Үкіметтің хабардар ете отырып, Грант сомасының немесе оның бір бөлігінің қүшін жоюы мүмкін.

3. Ишінара жойылған немесе тоқтатыла тұрған жағдайда, Келісімнің барлық ережелері толық қүшінде және қолданыста болуын жалғастыра береді.

5-бап. Растамалар және кепілдіктер Үкімет:

(i) өзіне Келісім жасасуға және сол бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға және осы Келісімді орындауға тапсырма беруге және Үкіметтің осы құжат бойынша өз міндеттемелерін орындаудың қажетті барлық іс-қимылды орындауға тиісті түрде өкіле тік береілгенін;

(ii) осы Келісімдегі Үкімет қабылдаған ретінде көрсетілген міндеттемелер Үкімет үшін шарттарға сәйкес міндетті құқықтық шынайы міндеттемелер болып табылатынын;

(iii) осы Келісімді орындау және Үкіметтің ол бойынша өз міндеттемелерін орындауды келісімді, шартты немесе заңды қандай да бір бұзушылық болып табылмайтынын және оған әкеп соқпайтынын раставды және оған кепілдік береді.

6-бап. Зерттеуді орындау

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (АШМ) Атқарушы агенттік болып табылады және Зерттеудің толық орындалуына, оны үйлестіруге, мониторингін жүргізуге және бағалауға жауапты болады.

2. Атқарушы агенттік мониторинг жүргізеді және тауарлар мен көрсетіледін қызметтерді сатып алуды, банк шоттарымен операцияларды, Банкке төлеуге өтінімдер ұсынуды, Грант сомасының есебін жүргізуді және пайдалануды қоса алғанда, бірақ

бұлармен шектелмей, Зерттеудің барлық аспектілері бойынша есеп береді.

3. Іске асыру шаралары: Зерттеудің іске асырылуына басшылықты АШМ жүзеге асыраады.

4. Іске асыру кестесі: Зерттеу Бірінші төлем жүргізілген кезден бастап 13 (он үш) ай ішінде орындалатын болады.

7 - бап. Үкіметтің міндеттемелері

1. Үкімет Зерттеудің тиісті қаржылық және әкімшілік практикаларға сәйкес уақтылы және тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін Банкпен ынтымақтасады және бұл үшін Зерттеуге қатысты қолда бар барлық ақпаратты Банкке береді.

2. Үкімет 3-қосымшаға сәйкес Зерттеудің қызметіне қатысады. Түсінбеушілікті болғызыбау үшін Грант сомасы қандай да бір Салықтарды, бажды, алымдарды, шығындарды және басқа да осы сияқты салық салуларды төлеуге жұмсалмауға тиіс.

3. Үкімет Грант сомасының пайдаланылуын және Зерттеудің құнын қоса алғанда, оны іске асыру процесін көрсету үшін Атқарушы агенттік арқылы есептер мен жазбаларды жүргізуге немесе оның жүргізуін қамтамасыз етуге және 6-баптың 4-тармағына сәйкес Банкке ақпарат беруге тиіс.

4. Үкімет Банк ара-тұра сұратуы мүмкін орындалған жұмыс, туындаған проблемалар, қабылданған іс-қимыл және басқа да нақты мәселелер егжей-тегжейлі жазылған тоқсан сайынғы есептерді Атқарушы агенттік арқылы Банкке беріп отыруға тиіс.

5. Үкімет Атқарушы агенттік арқылы Банктің аккредиттелген өкілдерінің Зерттеуді орындауға байланысты барлық үй-жайлар мен құрылыштарға еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6. Үкімет Зерттеу аяқталғаннан кейін 90 (тоқсан) күн ішінде осы Келісімге сәйкес Банк ұсынған Грант нәтижелерін бағалау туралы және Зерттеуді орындау мақсатына қол жеткізу дәрежесі туралы есепті Атқарушы агенттік арқылы Банкке береді.

7. Үкімет Зерттеудің міндеттерін орындауға, ол бойынша қызметтер көрсетуге немесе оның осы Келісім бойынша өз міндеттерін орындауына кедергі келтіретін немесе қауіп төндіретін кез келген мән-жай туралы Атқарушы агенттік арқылы Банкке дереу ақпарат береді.

8. Үкіметке қолданылатын кез келген жемқорлықта қарсы нұсқаулықтың ережелерін қоса алғанда, Үкімет Зерттеу бойынша жұмыстарды және/немесе көрсетілетін қызметтерді орындауға арналған тауарларды беретін барлық Мердігерлер мен Консультанттардың Зерттеу бойынша өз қызметін Банкті қанағаттандыратын тиісті деңгейде және негізделген, техникалық, экономикалық, қаржылық, басқарушылық, экологиялық және әлеуметтік стандарттар мен практикаға сәйкес атқаруын қамтамасыз етеді немесе қамтамасыз етуі үшін шаралар қолданады.

9. Жалданған Консультанттарға салынуы мүмкін кез келген салықтар немесе баж Зерттеу бойынша жергілікті шығыстарға жатқызылуға тиіс және олар Үкімет

тарапынан қаржыландырылатын болады. Үкімет жалданған консультантқа Үкімет тарапынан салынатын барлық салықтар мен баж туралы оның қаржылық ұсынысы берілгенге дейін ақпарат беруге міндеттенеді.

8 - бап . Е с е п т е р м е н ұ с ы н ы м д а р

1. Үкімет Атқарушы агенттік арқылы және Банк кез келген Тараптың өтініші бойынша ара-тұра Грант бойынша пікірлермен алмасады және кез келген жалданған Консультант дайындаған кез келген есептер бойынша және осы есептерде берілген консультанттың кез келген ұсынымдарын іске асыру бойынша консультациялар өткізеді.

2. Банк кез келген жалданған консультант дайындаған кез келген есепті және Зерттеу шенберінде дайындалған кез келген басқа есепті Банк тиісті деп санаған кез келген мақсатта пайдалана алады, бірақ мұндай есептерді Банктің және Үкіметтің келісімінсіз жариялауға болмайды.

3. Банктің осы Келісімнің шенберінде көмекпен қамтамасыз етуі консультанттың кез келген ұсынымдарын іске асыруға қатысты Банкті Үкіметке қаржылық немесе одан әрі техникалық көмек көрсетуге міндеттемейді.

9 - б а п . К ү ш і н е е н у і

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Үкіметтің орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабардар етілген кезден бастап күшіне енеді.

10 - бап . Үйлестіру және хабарламалар

1. Үйлестіру: үкімет осы арқылы осы Келісімнің шенберінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрін барлық мәселелер бойынша және шектеусіз барлық қатынастарда Үкіметтің уәкілетті өкілі (Үкіметтің өкілі) ретінде тағайындаиды; тиісінше ол :

(i) Банкпен жұмыс істеуге және осы Келісімге орай Үкіметке жүктелген міндеттемелердің орындалуына тікелей жауапты болады;

(ii) Банктің Үкіметтің өкіліне берген кез келген түрдегі барлық хабарламалары Үкіметке тиісті түрде берілген болып саналады;

(iii) Банктің Үкіметтің өкілінен алған барлық хабарламалары тиісті түрде берілген немесе орындалған және Үкіметтен алынған болып саналады; және

(iv) Үкіметтің өкілі үйлестіруді және ынтымақтастықты тиісті және тиімді түрде тұрақты жүргізуге және Үкімет пен Атқарушы агенттіктің осы Келісім бойынша өз міндеттерін орындаудың қамтамасыз етуге тиіс.

2. Хабарламалар: осы Келісімнің шенберінде берілген немесе жолданған кез келген хабар беру, сұрау салу немесе басқа хабарлама жазбаша түрде жасалуға тиіс және олар осы Тараптың төменде көрсетілген мекенжайына немесе Тарап осындағы хабар беру,

сұрау салу немесе хабарлама жіберіп отырған Тарапқа хабарламасында көрсеткен басқа мекенжайға қолма-қол, әуе поштасы, белгілі бір қурьерлік қызмет немесе факсимиле арқылы жеткізілген жағдайда тиісінше берілген болып саналады.

<u>Банк үшін:</u>	<u>Үкімет үшін:</u>
<p>Джидда-21432, Сауд Арабиясы Тел: +966 2 636 1400 Факс: +966 2 636 6871 E-mail: archives@isdb.org</p>	<p>Инвестициялар (ИДБ) Астана, Корольдігі Факс: +77172 Ауыл (Атқарушы) Казакстан Республикасы, Астана Кенесары көшесі, 36 Факс: +77172 555995</p> <p>және даму министрлігі Басқарушысы Республикасы 290873 министрлігі агенттік) 010000</p>

3. Әрбір Тарап басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы өз өкілін өзгерте алады.

11 - бап. Әртүрлі

1. Сипаттау бөлігі және қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Өкілеттік: әрбір Тараптың атынан осы Келісімге қол қоятын адамдар Тараптың атынан осы Келісімді жасасуға және осы Келісімде көрсетілген Тараптың міндеттемелерін қабылдауға қажетті заңдық құқық қабілеттігіне және өкілеттікке ие екендігіне екінші Тарапты куәландырады және оған кепілдік береді.

3. Ажырамас бөліктер: осы келісім, кез келген өзгерістерді қоса алғанда, бірге біртұтас Келісімді құрайтын ажырамас бөліктер түрінде жасалуы мүмкін. Осы Келісімнің көшірмелері тұпнұсқалар сияқты тен дәрежеде міндетті болып табылады және екінші тараптың факсимиле арқылы немесе сканерленген және электрондық пошта арқылы жіберілген қолтаңбалары қол қойылғандығын куәландыру үшін жеткілікті болады, алайда, Тараптар қол қойылған құжаттардың тұпнұсқаларын беруді тала

етуі

мұмкін.

4. Келісімнің біртұастығы: осы Келісім біртұтас келісім болып табылады және оның нысанасына байланысты барлық алдыңғы ауызша немесе жазбаша келісімдерді немесе Тараптар арасындағы хат алмасуларды алмастырады.

5. Мерзімді бұзу: банк тарапынан осы құжат бойынша кез келген құқықты орындау кезіндегі ешбір дәрменсіздік немесе мерзімді бұзу бас тарту болып табылмайды немесе жазбаша түрде ұсынылғанға дейін осында құқыққа әсер етпейді. Осында кез келген құқықты ешқандай да бір біртұтас немесе ішінара жүзеге асыру басқа кез келген құқықты жүзеге асыруға немесе оны алдағы уақытта жүзеге асыруға немесе басқа кез келген құқықты жүзеге асыруға кедергі келтірмейді немесе осы құжат бойынша басқа кез келген құқықтан бас тарту болып саналмайды.

6. Өзгеріс: осы Келісім Тараптар арасындағы өзара жазбаша келісіммен өзгертуі мүмкін. Кез келген мұндай өзгеріс осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жоғарыда айтылғанды раставу үшін, Тараптардың тиісті тұрде өкілеттік берілген өкілдері шамамен алғанда US\$ 300,000.00 (үш жұз мың АҚШ долларына) барабар ID200,000.00 (екі жұз мың Ислам динары) аспайтын сомаға Ислам Үйымыңдағы Үйымы Азық-тұлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Үйымының алдын ала институционалдық құрылымы бойынша зерттеуді дайындауға қатысты осы Келісімге жоғарыда көрсетілген күні қол қойды.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Ислам Даму Банкі үшін

Көлік: Көлік:
 Күні: Күні:
 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
 Ислам Даму Банкі арасындағы
 Ислам Үйимыңдағы Үйымы
 Азық-тұлік қауіпсіздігі жөніндегі
 Ислам Үйымының алдын ала
 институционалдық құрылымы бойынша
 зерттеуді дайындау жөніндегі
 техникалық көмек гранты туралы
 келісімге 1-қосымша

Анықтамалар

Жабу күні:	Банк Грант сомасының төленбegen бөлігінің күшін жоя алатын Келісімде көрсетілген күн немесе Тараптар келісін осында кешірек күн.
Консультант:	Зерттеуді орындау үшін Келісімнің ережелеріне сәйкес таңдалған дара консультантты, сондай-ақ кез келген консалтингтік фирманды қамтиды.
Мердігер/Өнім беруші	Келісімнің ережелеріне сәйкес құрылыш/сатып алу жүктелетін мердігер/өнім беруші.
Төлем жасау рәсімі:	Банктің төлем жасау рәсімі.
Төлеу:	Грант сомасын шоттан алу.
Атқарушы агенттік:	6-баптың 1-тармағында көрсетілген зерттеуді орындауға жауапты заңды тұлға.
Бірінші төлем:	Банктің тиісті саясатына және нұсқауына сәйкес Келісім күшіне енгеннен кейінгі бірінші төлем.
Грант сомасы:	2-бапта көрсетілгендей.
Ислам динары:	Банк Келісімнің баптарында көрсетілгендей осы күн Халықаралық валюта корындағы арнайы қарыз алу құқығының біріне баламалы болады.
Сатып алу жөніндегі нұсқаулық:	Банктің «Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі нұсқауы».
Зерттеу:	Сипаттау бөлігінде сипатталған зерттеу.
	сыбайлас жемқорлықтың, мәжбүрлеудің, астырын сөз байласудың, алаяқтықтың немесе обструкционизмің кез келген практикасы: (а) сыбайлас жемқорлық практикасы: басқа Тараптың іс-қимылдарына тиісінше әсер етпеу үшін қандай да бір бағалы нәрсені тікелей немесе жанама түрде ұсынуды, беруді, алуды немесе қорқытып алушылықты білдіреді. (б) мәжбүрлеу практикасы: басқа Тараптың іс-қимылдарына тиісінше әсер етпеу үшін кез келген Тарапқа немесе Тараптың мүлкіне тікелей немесе жанама түрде залал немесе зиян келтіретін немесе залал немесе зиян келтіру қаупін төндіретін кез келген

<p>Санкциялауга жататын қызмет:</p>	<p>әрекетті немесе әрекетсіздікті білдіреді.</p> <p>(с) құпия сөз байласу практикасы: тиісті емес мақсатқа қол жеткізуге, оның ішінде басқа Тараптың іс-кимылына тиісінше әсер етпеуге бағытталған екі немесе одан көп тарап арасындағы уағдаластықты білдіреді.</p> <p>(д) алаяқтық практикасы: каржылық немесе басқа пайда алу үшін немесе міндеттемеден жалтару үшін кез келген әрекетті немесе әрекетсіздікті, оның ішінде Тарапты саналы түрде немесе абайсызыда жаңылыстыруға алып келетін немесе жаңылыстыруға әкелуге талпынатын жаңылыстыруды білдіреді.</p> <p>(е) обструкционизм практикасы, мысалы:</p> <p>(i) Банктің сыйбайлас жемқорлыққа айыптаулар, алаяқтық, мәжбүрлеу немесе сөз байласу және/немесе коркыту бойынша тергеп-тексеруін едәуір киыннату үшін тергеп-тексеру материалының дәлелдемелерін қасақана жоюды, бүрмалауды, өзгертуді немесе жасыруды немесе тергеушілерге жалған айғактар беруді, тергеп-тексеруге немесе тергеп-тексеру жүргізуге қатысы бар мәліметтерді ашуды болдырмау үшін қандай да бір Тараптың ізіне тұсуді немесе коркытуды, немесе</p> <p>(ii) Банктің сыйбайлас жемқорлық, алаяқтық, мәжбүрлеу немесе сөз байласу бойынша айыптауларды тергеп-тексеруіне байланысты Банктің қажетті ақпаратқа қол жеткізуін жүзеге асыруды едәуір киыннатуға бағытталған іс-кимылдарды білдіреді.</p>
Салықтар:	Зерттеуге байланысты кез келген салықты, алымды, төлемді, пайыздарды, бажды немесе кез келген осыған ұқсас төлемді білдіреді.
АҚШ доллары:	Америка Құрама Штаттарының заңды валюタсы.

Казақстан Республикасының Үкіметі мен
 Ислам Даму Банкі арасындағы Үйымы
 Ислам Інтымақтастығы жөніндегі
 Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі
 Ислам Үйымының алдын ала
 институционалдық құрылымы бойынша
 зерттеуді дайындау жөніндегі
 техникалық көмек гранты туралы
 келісімге 2-қосымша

Зерттеудің сипаттамасы

Техникалық көмектің (ТК) мақсаты:

Ұсынып отырған ТК-ның жалпы мақсаты азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты қызмет пен бағдарламаларды үйлестіруді және оған ден қоюды жақсарту үшін ИЫҰ институционалдық құрылымын/тетіктерін нығайту арқылы ИЫҰ-ға мүші елдердегі азық-түлік қауіпсіздігі проблемаларына тиімді ден қою болып табылады. ТК Казақстан Республикасының Үкіметіне ИЫҰ Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Үйымын (ИЫҰ АҚИҰ) құруға және іске қосуға қолдау көрсетеді.

Үйымды құру екі кезеңде жүзеге асырылатын болады:

1-кезең АҚИҰ Хатшылығының қажетті әдістерін, нұсқауын және әрекет ету тәсілін қоса алғанда, үйымның институционалдық іс-шараларын алдын ала зерттеуді қамтиды.

2-кезең барлық функцияларды басқаруды жүзеге асыру үшін рәсімдерді үйимдастыру қағидаларын қоса алғанда, егжей-тегжейлі институционалдық құрылымды, сондай-ақ бизнес-жоспар мен стратегияны әзірлеуді қамтиды.

Ұсынылған ТК 1-кезеңді іске асыру үшін консалтингтік көрсетілетін қызметтерді қаржыландыруға бағытталатын болады.

2-кезең Ұйымның Хатшылығы құрылғаннан кейін жүзеге асырылатын болады. АШМ ТК-ның Атқарушы агенттігі болып табылады.

Т К - н ы қ о л д а н у а я с ы :

ТК-ны қолдану аясы екі компонентті қамтиды:

А) ұйымның институционалдық құрылымдары және әрекет ету тәсілі бойынша алдын ала зерттеу. Зерттеу:

- Хатшылық үшін әрекет ету тәсілдерін, операциялық нұсқау мен әдістерді айқындауға;

- әртүрлі заңды тұлғаларын, департаменттерін, бөлімшелері мен бөлімдерін қоса алғанда, Хатшылықтың құрылымын ұсынуға;

- Хатшылыққа басшылық ететін Бас директорды қоса алғанда, басшылықтың құзыреттін айқындауға;

- Хатшылық құрамында белгіленген әрбір департамент үшін персонал саны мен бейінін (ең аз және онтайлы нұсқалар) ұсынуға және олардың құзыреттерін әзірлеуге;

- Хатшылық үшін қаржыны басқару жүйесін ұсынуға;

- егжей-тегжейлі нұсқаулықты және рәсімдер қафидаларын, адам ресурстарын басқару саясатын және рәсімдерін, қаржылық қафидаларды; ұйымның миссиясын, пайымы мен стратегиясын және ішкі бағалау тетігін дайындауға мүмкіндік береді.

В) Жобаны басқару: АШМ құрамында жобаны үйлестірушіден және оның жұмысын қолдайтын сатып алу жөніндегі сарапшыдан, халықаралық қатынастар жөніндегі сарапшыдан және ауыл шаруашылығы жөніндегі сарапшыдан тұратын жобаны басқару тобын (ЖБТ) айқындауды/тағайындауды. ЖБТ АШМ-де орналасатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ислам Даму Банкі арасындағы
Ислам Інтымақтастығы Ұйымы
Азық-тұлік қауіпсіздігі жөніндегі
Ислам Ұйымының алдын ала
институционалдық құрылымы бойынша
зерттеуді дайындау жөніндегі
техникалық көмек гранты туралы
келісімге 3-қосымша

Грант сомасын алу

Грант сомасы мынадай түрде алынатын болады:

1. Төлем кестесін Атқарушы агенттік әзірлеп, консультантпен келісетін болады. Бұл Үкімет пен консультант арасында қол қойылатын консалтингтік қызметтер көрсету туралы келісімшартта айқындалады.

2. Банк консультантқа тікелей төлемдерді жүзеге асыратын болады. Банктің Төлем рәсімі және нұсқаулары аталған Зерттеуге қолданылады.

3. Үкіметтің салымы заттай түрде болып, мыналарды жабатын болады:

a) Жобаны үйлестірушіден (24 ай) және заңнама/сатып алу жөніндегі сарапшы (8 ай), халықаралық қатынастар жөніндегі сарапшы (6 ай) және ауыл шаруашылығы жөніндегі сарапшы (4 ай) сияқты басқа сарапшылардан тұратын Жобаны басқару тобы;

ж ә н е

b) Зерттеуді іске асыру барысында туындауы мүмкін жоспарланған көлемнен асатын жергілікті валютадағы кез келген шығыстар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК